

"Азаматтардың жекелеген санаттарына Петропавл қаласында автомобиль көлігінде тегін жол жүруге әлеуметтік көмек көрсету туралы" Петропавл қалалық мәслихатының 2009 жылғы 29 шілдедегі N 3 шешіміне толықтыру енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 2012 жылғы 3 шілдедегі N 7 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 31 шілдеде N 13-1-227 тіркелді

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-бабына сәйкес Петропавл қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. «Азаматтардың жекелеген санаттарына Петропавл қаласында автомобиль көлігінде тегін жол жүруге әлеуметтік көмек көрсету туралы» Петропавл қалалық мәслихатының 2009 жылғы 29 шілдедегі № 3 шешіміне (№ 13-1-161 Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, «Қызылжар нұры» газетінің 2009 жылғы 21 тамыздағы № 34 (244), «Проспект СК» газетінің 2009 жылғы 21 тамыздағы № 34 (292) сандарында жарияланған) мынадай толықтыру енгізілсін:

осы шешімнің 2-тармағы жаңа редакцияда мазмұндалсын:

2. Аталған тұлғаларды жеткізетін әлеуметтік инфрақұрылым объектілері анықталсын:

- 1) емханалар мен ауруханалар;
- 2) түзету мектептері;
- 3) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар;
- 4) психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері;
- 5) медициналық-әлеуметтік сараптау бөлімдері;
- 6) Петропавл қаласының аумағында орналасқан медициналық-әлеуметтік мекемелер;
- 7) «Петропавл протездік-ортопедиялық орталығы» акционерлік қоғамы;
- 8) «Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның Солтүстік Қазақстан облыстық филиалы;
- 9) мүмкіндіктері шектеулі балаларға үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесі;
- 10) «Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
- 11) «Петропавл қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат сессиясының

т ө р а ғ а с ы

Ж. Тәжин

Л. Жолмұқанова

Қалалық мәслихат

х а т ш ы с ы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК